



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции  
«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В  
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ  
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference  
“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT  
OF A NEW REALITY”**

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

**УДК 657.6**  
**ББК 65.053**  
**С23**

**С23** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

**ISBN 978-601-337-598-4**

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

**ISBN 978-601-337-598-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2021

1. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, «Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» <http://adilet.zan.kz>

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2013 жылғы 18 маусымда № 609 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудитті жүргізу тұжырымдамасы» <http://adilet.zan.kz>

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы <http://adilet.zan.kz>

4. Н.М. Гусевой // сборник конференции XIII Апрельской Международной научной конференции «Модернизация экономики и общества». –Москва. 5 апреля 2019. – С.3-5.

5. Роговский Е.А. Новая национальная стратегия американской стандартизации // США–Канада: ЭПК. – 2019. – № 9. – С. 64–78.

6. Б.А. Алибекова, А.Б. Зейнельгабдин, С.Б.Мақыш, А.М. Мухаметкарим, С.Н. Нугербек, Д.М.Нурхалиева, Б.О. Туребекова, С.К. Тажикенова, А.А.Карыбаев /под.ред.К.Е.Джанбурчина //Государственный аудит. Учебник. / - Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2016 – 375 с

## ШЕТ ЕЛДЕРДЕ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮРДІСІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

*Бияхмет А.А.*

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3-курс студенті  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [aruzhanbiyakhmet24@gmail.com](mailto:aruzhanbiyakhmet24@gmail.com)

**Аннотация:** Қазіргі таңда, кез-келген ел үшін мемлекеттік аудит саласы мемлекетті басқару жүйесінде маңызды орын алады. Себебі аудит ол - мемлекеттердің экономикасының жетілуінде маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада шет елдердің мемлекеттік аудиттің қалыптасуы мен олардың саяси жүйелерінің ерекшеліктеріне талдау және бағалау жұмыстары көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, заң, Аудиторлар палатасы, ішкі аудит, Жоғары қаржылық бақылау органы, Есеп комитеті, кәсіби этика

**Аннотация:** В настоящее время для любой страны сфера государственного аудита занимает важное место в системе управления государством. Потому что аудит играет важную роль в совершенствовании экономики этих государств. В данной статье представлена работа по анализу и оценке формирования государственного аудита зарубежных стран и особенностей их политических систем.

**Ключевые слова:** государственный аудит, финансовый контроль, закон, палата аудиторов, внутренний аудит, высший орган финансового контроля, Счетный комитет, профессиональная этика

**Annotation:** Currently, for any country, the sphere of state audit occupies an important place in the system of State Administration. Because audit plays an important role in improving the economies of these countries. This article presents the analysis and evaluation of the features of the formation of state audit of foreign countries and their political systems.

**Keywords:** state audit, financial control, law, Chamber of auditors, internal audit, higher financial control body, Accounting Committee, Professional Ethics

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз ең озық халықаралық тәжірибеге негізделген мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құруымыз керек» деп атап айтты. Осы Жолдауға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметімен 2013 жылдың 18-маусымында № 609 «Қазақстан Республикасына мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы» әзірленіп, бекітілді. Тұжырымдама мемлекеттік қаржылық бақылауды кезең-кезеңмен реформалаудың және мемлекеттік аудиттің енгізілуін және оның функционалдық бағыттарын одан әрі кеңейтудің негізгі көзқарастарын айқындайды. Тұжырымдама негізінде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашада № 392-V ҚРЗ қабылданды [1].

Елімізде тәуелсіз мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін қалыптастырған кезде, шет елдердің аудитті жүргізудің тәжірибиесіне сүйендік. Осы мақалада мен қазіргі таңда қарқынды даму үстіндегі- Канада, Италия, Израиль секілді мемлекеттердің тәжірибиесін қарастырып талдадым.

Канаданың мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастырудағы тәжірибесі бірқатар мән-жайлар бойынша біз үшін қызықты.

Біріншіден, Канада «Үлкен сегіздікте» (Батыстың жоғары дамыған мемлекет басшыларының тұрақты болып тұратын кеңесі) мүше бола отырып, әлемдік экономикада ерекше орын алады.

XX ғасырдың соңында Канада маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша әлемде екінші орынға ие болып, АҚШ-қа, Еуропалық Одақ елдеріне және Жапонияға лайықты бәсекелестік құрады.

Бас аудитор басқармасы (the Office of the Auditor General – OAG, Le Bureau du verificateur general OAG) – Канададағы мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғарғы органы болып табылады [2].

Енді осы аталған алпауыт елдердегі мемлекеттік аудиттің қазіргі жағдайына тоқталар болсақ:

Қазіргі таңда Канадада аудитке байланысты мемлекеттік аудиттің 2 түрі бар. Оның бірі-сыртқы аудит, екіншісі-ішкі аудит. Сыртқы аудитті- Бас

аудиторлар кеңсесі жүргізсе, ішкі аудитті әр бөлімдегі ішкі аудит бөлімшілері жүргізеді. Мемлекеттік қаржылық аудиттің жоғары органы Бас аудитор Офисі деп аталады. Бас ревизор кеңсесі- Мемлекеттік есеп комитеті болып саналады. Бұл комитет бағдарламалардың, сонымен қатар мемлекеттік ресурстардың тиімділігіне жауап береді. Бас аудитор кеңсесі- Канада еліндегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғарғы органы.

Бас аудитордың 11 көмекшісі бар, олар әрқайсысы Бас аудитордың кеңсесінің тиісті құрылымдық бөлімшесін құра отырып, аудиторлық қызметтің белгілі бір саласын басқарады. Мемлекеттік аудит барлық саланы тексеруде жүзеге асырылады (қаржы, мәдениет, ауыл шаруашылығы, денсаулық, білім). Бас аудитор кеңсесінің орталығы- Оттава қаласында орналасқан. Галифакс, Монреаль, Ванкувер сынды қалаларда кеңсенің аймақтық бөлімшелері бар. Бас аудитор Кеңсесін 70-тей федералды министрліктер мен 100 мемлекеттік корпорациялар, БҰҰ, және басқа да Канадада орналасқан халықаралық ұйымдар бақылайды[3].

1992 жылдың қаңтар айының соңында Италияда үкіметтік қаулы қабылданды, оған сәйкес заңды аудиторлық қызметке Әділет министрлігінің бақылауындағы атаулы тізілімге енгізілген адамдар ғана жүзеге асыра алады.

Аудитор атағын алуға үміткерлер жоғары экономикалық, құқықтық, коммерциялық салада білімі туралы дипломдарды иелену керек немесе Орта Бухгалтерлік білімі және кемінде үш жыл практикалық еңбек өтілі болу қажет.

Италияда аудиттің ерекшелігі-бұл аудиттің мемлекеттік реттеуде жоғары деңгейде дамығандығында. Олардың нарықтарындағы негізгі жеткізушілер-бұл банктер де, мемлекеттік органдар да, олар бизнестің қаржылық мүмкіндіктерін бақылап қана қоймайды, сонымен бірге инвестор немесе несие беруші ретінде әрекет етеді (қажет болған жағдайда). Бұл елде фирмалар Бухгалтерлік есеп саласындағы бірыңғай стандарттарды ұстануы керек, бұл мемлекеттік органдардың қаржылық есептілікті дайындау процестеріне әсеріне байланысты.

Заңнама компанияларды аудиторлар растаған егжей-тегжейлі қаржылық есептер шығаруға міндеттейді. Сондай-ақ, Үкімет бағалы қағаздар нарығын реттеу және бақылау үшін арнайы органдар құрды, бұл англо-американдық тәжірибемен байланысты қаржылық есептілікті дамытудағы елеулі өзгерістерді білдіруі мүмкін.

Реестрде тіркелген барлық субъектілеркәсіби қауымдастықтар, Министрлікпен және компаниялар мен қор нарығы істері жөніндегі ұлттық комиссиямен (CONSOB, итальян тіліндегі атауына негізделген) бірлесіп дайындаған кәсіби этика ережелерін сақтауы керек. Мұндай субъектілер заң бойынша «кәсіби скептицизм» деп аталатын тәсілді қолдануға міндетті, ол «күмәнді көзқараспен, қате немесе алаяқтық салдарынан ықтимал дәлсіздікті көрсететін жағдайларды үнемі қадағалап отырумен, сондай-ақ аудитке тән құжаттаманы сыни бағалаумен сипатталатын көзқарас «ретінде анықталады.» Міндетті аудит субъектілері сондай-ақ кәсіптік құпия және құпиялылық ережелерін сақтауға тиіс [4].

Израильде Аудиторлық қызмет жөніндегі кеңес «Аудиторлық қызмет туралы» 1955 жылғы Заңға сәйкес құрылды. Аудиторлық лицензиялар беруге өкілеттігі бар кеңес 14 мүшеден тұрады. Кеңес төрағасы қызметін министрліктің бас директоры, адвокат Эми Палмор атқарады.

Аудиторлар Кеңесінің негізгі міндеттері: аудиторлық лицензия алу үшін емтихандар өткізу, тағылымдама кезеңін бақылау және кәсіби этикаға сәйкес келмейтін аудиторлардың мінез-құлқына байланысты шағымдарды қарау.

Аудиторлық қызмет жөніндегі кеңес қызметінің салалары:

- емтихандарды жылына екі рет, көктемде (мамыр / маусым / шілде) және күзде (қараша / желтоқсан / қаңтар) өткізеді. Әр сессияда 4 кезеңге бөлінген 15 емтихан, ал жалпы емтихандар жылына 17000-20000 үміткерге өткізіледі; кеңес барлық емтихандарға қатысты өтініштерді де қарастырады;

- жоғары білім дипломдарын алу кезінде, осы тақырыптарды зерделеу негізінде емтихандарда белгілі бір тақырыптарды тапсырудан босату туралы өтініштерді қарайды; осы мақсатта кеңес университеттердің оқу бағдарламаларын да зерделейді;

- аудиторлардың кәсіби этикаға сәйкес келмейтін мінез-құлқына байланысты шағымдарды зерттейді;

- аудиторлардың жұмыс әдістері мен кәсіби этикасы тақырыбына стандарттар мен түсіндірмелер әзірлейді;


- тағылымдаманың басталу және аяқталу күндерін тіркейді, сондай-ақ аудиторларға тағылымдамадан өтушілерді оқытуға рұқсат береді;

- Кеңес атынан әрекет ететін тағылымдама мәселелері жөніндегі Инспектор тағылымдамадан өту орындарында тексерулер жүргізеді және Кеңеске өз қорытындыларын береді, ол тағылымдамадан өтушінің өз жұмысынан алатын кәсіби тәжірибесінің деңгейін тексереді, сондай-ақ тағылымдамадан өтушілер мен олардың басшыларының шағымдарын қарайды;

- аудиторлық кеңес жыл сайын аудиторлық лицензияларды тапсыру рәсімін өткізеді. Рәсім әр жылдың қаңтарында Иерусалимде аудиторлар алқасымен бірлесе отырып өткізіледі;

- Кеңес Әділет министрлігіндегі заңнама бөлімі қызметкерлерінің көмегін пайдалана отырып, Заң мен қаулыларды түзету бойынша ұсыныстар дайындаумен айналысады, сондай-ақ GATS келісімдерін және олардың аудиторлар туралы Заңға және қаулыларға әсерін зерделейді.

Аудиторлар кеңесі келесі ұйымдардың ұсыныстары мен шешімдерін зерделеу арқылы шетелде кәсіби саланың дамуына бақылау жүргізу 1-суретте көрсетілген.



Сурет-1. Израильде Аудиторлар кеңесі көрсетілген ұйымдарға бақылауды жүзеге асырады.

Кеңестің кворумы айына бір рет жиналып, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылайды. Кеңес абсорбция министрлігімен және Сохнут Еврей агенттігімен бірлесе отырып, Израильге оралған аудиторлар мен әлемнің барлық елдерінен аудит факультеттерінің түлектерін сіңіруге қолдау көрсетеді[5].

Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік бақылауы мемлекеттің атқарушы билігінің бөлігі ретінде халық үкіметтеріне бағынады. Қытайдың жоғарғы тексеру мекемесі және Мемлекеттік Кеңестің министрліктерінің бірі бола отырып, ХҚКО тікелей премьер-министрдің басшылығымен бүкіл елдің тексеру жұмысын ұйымдастырады және басқарады және оның жұмысы туралы Мемлекеттік Кеңеске есеп береді.

Мемлекеттік бақылаудың негізгі міндеттері:

- мемлекеттік бақылау жұмысын жүзеге асыру;
- нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тексеру саясатын және тексеру жобаларын әзірлеу;
- тиісті деңгейлерде бюджеттің атқарылуын және басқа да мемлекеттік кірістер мен шығыстарды тексеру;
- тиісті деңгейлерде ведомстволардың (оның ішінде оларға тікелей бағынысты бөлімшелердің) және төмен тұрған деңгейлерде халық үкіметтерінің бюджеттің атқарылуын, қорытынды шоттарын және басқа да мемлекеттік кірістер мен шығыстарды тексеру болып табылады.;
- мемлекеттік мекемелердің, сондай - ақ мемлекеттік қаражатты пайдаланатын басқа да мемлекеттік мекемелердің қаржылық кірістері мен шығыстарының аудиті;
- орталық банктің қаржылық кірістері мен шығыстарының аудиті; халықаралық ұйымдар немесе басқа елдердің үкіметтері көмек немесе кредиттер беретін жобаларға байланысты қаржылық кірістер мен шығыстар;
- Премьер-министрге аудиторлық есептер ұсыну; Ұлттық қаржы саясатын және макроэкономикалық бақылау шараларын іске асыруға өнеркәсіптік аудиттер, арнайы аудиттер және аудиторлық тергеулер жүргізу және т.б.[6]

Ресей Федерациясының Есеп палатасы Ресей Федерациясының жоғары қаржылық бақылау органы болып табылады. Ресей Федерациясының Есеп палатасы Есеп палатасының төрағасынан, Есеп палатасы төрағасының орынбасарынан, Есеп палатасының аудиторлары мен Есеп палатасының аппаратынан тұрады.

Апарат жетекшісімен басқарылатын Ресейдің ЖМАО аппараты мыналарды қамтиды:

- істі басқару департаменті;
- қаржы департаменті;
- сыртқы байланыстар департаменті;
- ақпараттық қолдауды автоматтандыру бөлімі;
- баспасөз қызметі және ақпарат бөлімі;
- құқықтық қамтамасыз ету департаменті;
- экономикалық талдау бөлімі;
- федералдық бюджеттің алдын-ала, қолма-қол және кейінгі бақылауының шоғырландырылған бөлімі;
- мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және басқа да құқық бұзушылықтар департаменті;
- Ресей Федерациясы Есеп палатасы қызметіне әдістемелік қамтамасыз ету және сыртқы мемлекеттік (муниципалдық) аудит (бақылау) жүргізу департаменті[7].

Әзірбайжанның «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына Президент Гейдар Алиев 1994 жылы 16 қыркүйекте қол қойды. 1995 жылы Әзірбайжан Республикасының Ұлттық Жиналысы (Милли Мәжіліс) Палата туралы ереже қабылдады. Есеп палатасы өз қызметін 1996 жылы 5 сәуірде бастады. Есеп палатасы 2003 жылдың 5 мамырында еуропалық бухгалтерлер мен аудиторлар федерациясының толық құқықты мүшесі болды. Есеп палатасының Төрағасы-Новрузов Вахид Тапдиг.

Қаржылық және бухгалтерлік есептілікті тіркеуді енгізу және оның адалдығы мен сенімділігін қамтамасыз ету. Аудиторлық қызметтің тиімділігін жақсарту бойынша шаралар қабылдау; Әзірбайжан Республикасының аумағында тәуелсіз аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарға лицензия беру.

Аудиторлық қызметтер көрсету үшін лицензиялар алуға емтихандар тапсыру қағидаларын, Комиссия құрамын дайындау және бекіту; Аудиторлық қорытындының нысандарын, тәуелсіз аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жұмысын дайындау және бекіту.

"Аудиторлық қызмет туралы" Әзірбайжан Республикасының Заңы негізінде тәуелсіз аудиторлық ұйымның, тәуелсіз шетелдік аудиторлардың немесе олардың филиалдарының қаржылық қызметіне Мониторинг жүргізу; Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруге негізделген кәсіпкерлердің мүлкін бағалаудың заңдылығы туралы аудиторлық қорытынды беру;

Сурет-2. Азербайжан Республикасының Есеп палатасының міндеттері.



2-суретке сәйкес Азербайджан Республикасының Есеп палатасының міндеттері мен негізгі функцияларын айқындап айтып кетін болсақ:

- Әзірбайжан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті ұйымдастыру және реттеу;

- Әзірбайжан Республикасының аумағында тәуелсіз аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарға лицензия беру.

- Әзірбайжан Республикасының аумағында аудиторлық қызметтер көрсету үшін лицензиялар алуға емтихандар тапсыру қағидаларын дайындау және бекіту;

- аудиторлық қызметке лицензиялар беру үшін комиссия құрамын және оның ережелерін дайындау және бекіту және сараптама үшін төлемақы мөлшерін айқындау;

- аудиторлық қорытындының нысандарын, кәсіпорындардың қаржылық және бухгалтерлік есептілігі туралы Әзірбайжан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес тәуелсіз аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жұмысын дайындау және бекіту;

- тәуелсіз аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарға аудиторлық практиканы қорытуға және қолданыстағы заңнаманы қолдануға байланысты мәселелер бойынша консультация беру;

- аудит процесінде әдістемелік нұсқаулар, ұсынымдар мен әдістемелік нұсқаулар дайындау; аудиторлық қызмет көрсету нысаны мен әдістері бойынша нормативтік құжаттар жасау, сондай-ақ отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу негізінде тиісті ұсынымдар дайындау;

- «Аудиторлық қызмет туралы» Әзірбайжан Республикасының Заңы негізінде тәуелсіз аудиторлық ұйымның, тәуелсіз шетелдік аудиторлардың немесе олардың филиалдарының қаржылық қызметіне Мониторинг жүргізу»;

- мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруге негізделген кәсіпкерлердің мүлкін бағалаудың заңдылығы туралы аудиторлық қорытынды беру[7].

Халықаралық тәжірибе бойынша мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлерінде, негізінен бюджет және қаржы саласында реттеуші органдар өте тиімді жұмыс істейді. Белгілі бір елде қалыптасқан мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың қазіргі жүйесі мемлекеттік дамудың тарихи аспектілеріне қатысты өз сипаттамаларына ие. Бұған қоса, әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары демократиялық қоғамның ажырамас бөлігі және мемлекеттік қаржы ресурстарын басқарудағы ажырамас элементі болды. Сондықтан еліміз үшін мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асырудағы және жұмыс істеудегі әлемдік тәжірибені зерттеу үлкен қызығушылық тудырады деп ойлаймын.

### **Әдебиеттер:**

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы 12 қараша 2015 жыл № 392-V: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

2. Экономикалық кітапхана: Мемлекеттік аудиттің шетелдік модельдері:  
<http://eclib.net/15/42.html>

3. Канаданың «Жалпы аудитор туралы» заңы:  
<https://lawslois.justice.gc.ca/eng/acts/a-17/page-1.html#h-7088>

4. Италияның «Мемлекеттік шоттарды тексеру туралы» заңы:  
<https://www.loc.gov/law/foreign-news/article/italy-legislation-on-the-audit-of-governmentaccounts/#:~:text=The%20legislation%20sets%20forth%20rules,%2C%20and%20re->

5. Израильдің «Аудиторлық қызмет туралы» заңы:  
<https://www.justice.gov.il/ru/Units/AccountantsCouncil/Pages/default.aspx>

6. Қытай Халық Республикасының «Мемлекеттік бақылау туралы» заңы:  
<http://en.people.cn/90785/7919887.html>

7. Азербайжан Республикасының «Есеп палатасын бекіту туралы» заңы:  
[https://republic.preslib.az/ru\\_d4-64.html](https://republic.preslib.az/ru_d4-64.html)

## МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІНІҢ ЗАМАНАУИ АСПЕКТІЛЕРІ

Газизова Н.М.

Мемлекеттік аудит мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Атырау қ,

Қазақстан Республикасы

E-mail: [g.nur@bk.ru](mailto:g.nur@bk.ru)

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының және АҚШ-тың бюджеті, бюджеттің әлеуметтік-экономикалық мәніні және заманауи аспектілері көрсетіледі. Сонымен қатар, шет елдердің мемлекеттік бюджеті соның ішінде АҚШ-тың мемлекеттік бюджеті - негізгі қағидалар айтылады. Соңғы жылдардағы АҚШ-тың экономикасы, оның әр президенттер тұсында әлеуметтік-экономикалық жағдайы қандай болғандығы жайында статистика көрсетіледі.

Сан алуан қаржы байланыстарында жекелеген ерекшеліктері бедерленетін айрықша салалар бар. Мәселен, мемлекеттің кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен және халықпен қалыптасатын қаржы қатынастары қоғамдық өнімді құндық бөлудің айрықша саласын құрайды. Бұл қатынастарға бөлу процесінде туындайтын ортақ белгілер тән және олар қоғамдық қажеттерді өтеуге арналған, орталықтандырылған қаражат қорын құрып, пайдалануға байланысты. Бұл процесс мемлекеттің тікелей қатысуымен жүзеге асырылып отырады. Қаржы қатынастарының бұл жиынтығы «Мемлекеттік бюджет» деп аталған ұғымның экономикалық мазмұнын құрайды.